

**"Дүниежүзілік Банктің "Doing Business" рейтингінің индикаторларын мемлекеттік органдарға бекітіп беру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 164-ө өкіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2013 жылғы 2 тамыздағы № 126-ө өкімі

«Дүниежүзілік Банктің «Doing Business» рейтингінің индикаторларын мемлекеттік органдарға бекітіп беру туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 164-ө өкіміне мынадай өзгерістер мен толықтыру е н г і з і л с і н :

көрсетілген өкіммен бекітілген Дүниежүзілік Банктің «Doing Business» рейтингінің индикаторларын мемлекеттік органдарға бекітіліп беруде:

реттік нөмірі 4-жолдың 2-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«Төлем қабілетсіздігін шешу»;

3 - б а ғ а н д а :

реттік нөмірі 3-жолдағы «ҚЖТКША» деген аббревиатура «ӨДМ» деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

реттік нөмірлері 5, 6-жолдағы «ҚҚА» деген аббревиатура «ҰБ» деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 7-жолдағы «ЭДСМ» деген аббревиатура «ӨДМ» деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

4 - б а ғ а н д а :

реттік нөмірі 3-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Өңірлік даму вице-министрі»;

реттік нөмірлері 5, 6-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі төрағасының орынбасары»;

реттік нөмірі 7-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау

в и ц е - м и н и с т р і » ;

ескертпеде: аббревиатуралардың толық жазылуында:

«ЭДСМ – Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«ЭБЖМ – Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау

м и н и с т р л і г і » ;

«ҚҚА – Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі» деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«ҰБ – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі»;

«ҚТКША – Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі» деген жол алынып тасталсын;  
мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«ӨДМ – Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі».

*Премьер-Министр*

*С. Ахметов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК